



БҰЙРЫҚ

18.01.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

11
город Астана

**Робототехника бойынша «Robotek Grand Tournament»
қалалық чемпионатына қатысу туралы**

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылдың 18 қаңтардағы №75 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының Дарынды оқушылардың жоба жұмыстары мен конкурстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Қ.Е.Баяхметова 2024 жылдың 18-19 қаңтар күндері робототехника бойынша «Robotek Grand Tournament» қалалық чемпионатын (бұдан әрі – Чемпионат) өткізуді ұйымдастырсын.

2. Чемпионатта қызмет атқаратын қазылар алқасының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.М.Хамитова 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде чемпионаттың қаржыландыруын және қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған оқытушыларға сағаттық төлемақысын жасалған келісімшарт бойынша төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Х.Абишеваға жүктелсін.

Директор

Ж. Бейсенбаева